

**Шымкент қаласыбілім басқармасының «Политехникалық колледжі»
Әдістемелік кеңестің
ХАТТАМАСЫ №6**

2025 жыл, 29 мамыр

Шымкент қаласы

Өтілген орны: әдістемелік кабинет

Өтілген уақыты:11:00

Қатысқандар: Әдістемелік кеңестің мүшелері, ПБК меңгерушілері

Күн тәртібінде:

1. №5 әдістемелік кеңесте қабылданған қаулылардың орындалуы.
2. Колледждің әдістемелік тақырып және жалпы білім сапасы бойынша жұмыстарының нәтижесі.
3. Педагогтар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуының нәтижесі
4. Дидактикалық материалдардың қорын байыту және тиімді қолдану.
5. Әдістемелік кабинетке тапсырылатын әдістемелік құжаттардың әзірлемесі, электронды нұсқасы туралы.
6. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс жоспарын жетілдіру

Тыңдалды:

2024-2025 оқу жылында аттестациядан өтетін оқытушылардың тесттен жинақтаған әдістемелік құжаттары бойынша колледждің сараптама тобының тексеруі және қорытындылау жұмыстары жүргізілді.

2. I курс білім алушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша колледж ішілік олимпиадалар ұйымдастыру, Білім, білік, дағдыларын бақылаудың тиімді әдістері туралы іс-шаралар өз жалғасын табуда.

3. Колледж студенттерінің зерттеу, эксперименталдық жұмыстарға қатысу (конференция, семинар, студенттік конкурстар, олимпиадаларға қатысу) жұмыстары іске асырылды.

4. Политехникалық колледжінің оқытушылары мен қызметкерлерін сәуір - тамыз уақыт аралығында аттестаттаудың кезеңдері және тәртібімен таныстыру жұмыстары өз жалғасын табуда.

5. Әр түрлі мәселелер

Төмендегі оқытушылардың әдістемелік құралдарын Шымкент қаласы Білім басқармасының әдістемелік орталығының сараптамалық кеңесіне ұсынылды:

Битемирова Канипа Калкамановнаның «Жүйелілік қауіпсіздікті құрастыру және енгізу» пәні бойынша оқу-әдістемелік құралы;

Сырабекова Гүлдана Ахатбекқызының «Физика» пәніне арналған нұсқаулығы;

Орынбасар Мақпал Сапарбайқызының «Автоматтандыру құралдары және автоматты басқару жүйесінің мамандандырылған агрегаттары мен блоктарының сұлбаларын таңдау» пәніне арналған әдістемелік нұсқаулығы;

Тайшева Шарбану Тойшибековнаның «Электротехниканың теориялық негіздері» пәні бойынша тәжірибелік және зертханалық жұмыстарына арналған әдістемелік нұсқаулығы;

Шертай Аяулым Болысбекқызының «Технологиялық процестің қалыпты режимін жүргізу және еңбек қауіпсіздігін сақтау» пәніне арналған әдістемелік нұсқаулығы;

Тулепова Жансая Акжигитовнаның «Биология» пәніне арналған оқу-әдістемелік құралы;

Күн тәртібінің мәселесі бойынша директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары М.Арынбаев сөз алды. Ол 2024–2025 оқу жылындағы колледждің әдістемелік тақырыбы аясында жүргізілген жұмыс нәтижелері мен жалпы білім сапасының көрсеткіштері бойынша сөз алды. Аталған оқу жылында колледждің әдістемелік қызметі «Білім сапасын арттырудағы заманауи оқыту технологиялары мен кәсіби құзыреттілікті дамыту жолдары» тақырыбы аясында ұйымдастырылды. Бұл бағыт педагогтердің кәсіби дамуын қолдауға, білім беру үдерісін жаңғыртуға және оқыту сапасын арттыруға негізделген. Оқу жылы барысында әдістемелік жұмыстар бірнеше бағытта жүйелі түрде жүргізілді. Атап айтқанда:

- Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға арналған семинарлар, шеберлік сағаттары, дөңгелек үстелдер өткізіліп, тәжірибе алмасу алаңдары құрылды;
- Жас мамандармен жұмыс жүйеленіп, «Жас педагог мектебі» жылдық жоспарға сәйкес өз қызметін жүзеге асырды;
- Оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін дамыту мақсатында Google Workspace, Canva, Padlet, Quizizz, Kahoot секілді EdTech платформаларын пайдалану бойынша тренингтер ұйымдастырылып, практикалық қолданысқа енгізілді;
- ПБК жұмыстары жанданып, пән мұғалімдері инновациялық сабақ үлгілері мен әдістемелік өнімдерін әзірледі;
- Колледжішілік пән апталықтары, пәндік олимпиадалар, студенттік ғылыми жобалар мен шығармашылық байқаулар арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық әлеуеті артты.

Жалпы білім сапасының көрсеткіштері де назардан тыс қалмады. Жыл бойына жүргізілген аралық бақылау, қорытынды аттестация, пәндік мониторинг нәтижелері колледж білім алушыларының оқу жетістіктері тұрақты деңгейде екенін көрсетті. Бірқатар бөлімдерде білім сапасы бойынша оң динамика байқалды.

Білім сапасының артуына төмендегідей факторлар оң әсер етті:

- тәжірибелі педагогтердің озық тәжірибесін насихаттау;
- сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдердің жаңаруы;
- білім алушылардың жеке оқу жетістіктерін қадағалау және түзету шараларының сапалы жүргізілуі;
- әдістемелік бірлестіктер мен ПБК жұмысындағы үйлестіру.

Сөз соңында әдістемелік қызмет пен білім сапасын арттыруда оқытушылардың белсенділігі мен кәсіби ынтасы ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Алдағы оқу жылында бұл бағыттағы жұмыс әдістемелік бірзділік, пәндік үйлестіру және цифрлық білім беру құралдарын тиімді қолдану арқылы жалғасатын болады деп өз сөзін қорытындылады.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Д.Балабекова сөз алды. Ол өз сөзінде колледждегі ғылыми-зерттеу қызметінің маңыздылығына тоқталып, педагогтар мен білім алушылардың бұл бағыттағы жұмыстарының нәтижелерін баяндады. Оның айтуынша, ғылыми-зерттеу ісі – тек кәсіби ізденістің ғана емес, сонымен қатар шығармашылық ойлаудың, тәжірибелік дағдылар мен кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал ететін маңызды процесс.

2024–2025 оқу жылында Политехникалық колледж ұжымы ғылыми-зерттеу бағыты бойынша бірқатар нақты жұмыстар атқарды.

Педагогтар тарапынан ғылыми-әдістемелік мақалалар әзірленіп, республикалық, облыстық деңгейдегі конференциялар мен форумдарға белсенді қатысу қамтамасыз етілді. Көптеген оқытушылар авторлық оқу-әдістемелік құралдар мен презентациялық материалдар дайындап, өз тәжірибесін бөлісу арқылы кәсіби қауымдастық алдында танылды. Бірқатар педагог бірнеше байқаулардан жүлделі орындарға ие болды.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу белсенділігі де оқу жылы бойында жоғары деңгейде болды. Колледж студенттері:

- қалалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға;
- пәндік олимпиадалар мен зияткерлік сайыстарға;
- стартап жобалар, дебат турнирлері, экологиялық жобалар және хакатон, бизнес ару байқауларына қатысып, өз білімдерін, идеяларын ұсынды.

Студенттердің зерттеу тақырыптары қазіргі заман талабына сай бағыттарда таңдалды. Атап айтқанда: экология және қоршаған ортаны қорғау, IT шешімдер, инженерлік жобалар, әлеуметтік зерттеулер, тілдік мәдениет және тарихи-танымдық ізденістер.

Нәтижесінде, бірнеше студент облыстық және республикалық деңгейдегі байқауларда жүлделі орындарға ие болып, колледждің абыройын асқақтатты. Олардың жетекшісі болған оқытушылар дипломдармен марапатталып, кәсіби жетістіктері ерекше аталды.

Ғылыми-зерттеу жұмысының жүйелі ұйымдастырылуы колледжде сапалы білім мен кәсіби дамудың басты көрсеткішіне айналып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар студенттер мен педагогтердің шығармашылық әлеуетін ашуға, кәсіби сенімін нығайтуға және жаңашыл ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Сөз соңында барлық бөлім меңгерушілері мен оқытушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына белсенді араласуға шақырып, алдағы оқу жылында бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі кеңейту жоспарланып отырғанын жеткізді.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша колледж әдіскері Л.Маймақова сөз алып, дидактикалық материалдардың оқу-тәрбие үдерісіндегі маңызына, олардың қорын жүйелі түрде толықтыру және тиімді пайдалану жолдарына тоқталды. Дидактикалық материалдар – бұл тек қосымша құрал емес, оқыту мазмұнын меңгертудің басты әдістемелік тірегі. Қазіргі білім беру жүйесінде оқытушының басты мақсаты – білім алушының ойлау қабілетін, танымдық белсенділігін және өзіндік ізденісін дамыту. Бұл міндетті жүзеге асыруда жаңартылған, мазмұнды, көрнекі және интерактивті дидактикалық материалдардың рөлі зор. 2024–2025 оқу жылы барысында колледж оқытушылары арасында дидактикалық қорды жүйелеу және байыту жұмыстары жүргізілді. Әсіресе пәндік бірлестік комиссиялар аясында тәжірибе алмасу, сабақ үлгілерімен бөлісу, жаңартылған материалдарды ортақ базаға жинақтау дәстүрге айналды.

Педагогтер тарапынан дайындалған материалдарға мыналар жатады:

- тақырыптық тест тапсырмалары;
- сараланған жаттығулар мен практикалық тапсырмалар;
- флипчарттар, интеллект-карта, графикалық ұйымдастырушылар;
- интерактивті тапсырмалар ;
- бейнесабақтар мен презентациялық файлдар;
- зертханалық және зерттеу тапсырмалары.

Бұл материалдар оқу мазмұнын меңгертуде, сабақ уақытын ұтымды пайдалануда, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп оқытуда тиімді нәтиже беруде. Оқытушылар дәстүрлі қағаз түріндегі дидактикамен қатар сандық форматтағы материалдарды да көбірек қолдана бастады. Дидактикалық материалдарды дұрыс іріктеу, жүйелеу және сабақта тиімді қолдану – білім беру сапасын арттырудың маңызды шарты. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыс жалғасып, әдістемелік бірлестіктердің үйлестіруімен авторлық тапсырмалар жинақтары, пәндік банктер қалыптастыру көзделіп отыр. Сөз соңында әріптестер дидактикалық материалдарды жинақтаумен қатар, оларды сабақта тиімді әрі шығармашылықпен пайдалануға шақырылды.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Д.Балабекова сөз алды. Ол өз сөзінде 2024–2025 оқу жылы барысында әдістемелік

кабинетке оқытушылар тарапынан ұсынылған әдістемелік өнімдердің жай-күйіне тоқталды. Аталған оқу жылы ішінде колледж оқытушылары негізінен ашық сабақ әзірлемелері мен әдістемелік нұсқаулықтарын дайындап, әдістемелік қорға ұсынды. Ашық сабақ әзірлемелері оқытушылардың заманауи педагогикалық әдістерді қолдану тәжірибесін, оқу мақсаттарын нақты айқындау қабілетін және білім алушылардың ойлау дағдысын дамытуға бағытталған кәсіби машықтарын көрсетті. Сабақ құрылымында белсенді оқыту стратегиялары, саралау тәсілдері, критериалды бағалау элементтері және тиімді кері байланыс түрлері қамтылған. Әдістемелік нұсқаулықтарда оқытушылар пән бойынша тақырыптарды меңгертудің тиімді жолдарын, практикалық тапсырмаларды ұйымдастыру әдістерін, сондай-ақ оқу мақсаттарына жетудегі жеке әдістемелік ұстанымдарын сипаттап ұсынды. Бұл құжаттар жас мамандар үшін тәжірибе алмасудың құнды көзіне айналды. Барлық материалдар Word немесе PDF форматында электронды түрде рәсімделіп, белгіленген мерзімде әдістемелік кабинетке тапсырылды. Құжаттардың атауы, құрылымы мен мазмұны жалпы әдістемелік талаптарға сай болды. Қорытындылай келе, колледж оқытушыларының ашық сабақтары мен әдістемелік нұсқаулықтары әдістемелік қорды толықтырып, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге оң ықпал етті. Дегенмен, әдістемелік жұмыстың мазмұнын байыту мақсатында алдағы уақытта келесі бағыттарды дамыту ұсынылады:

- пәндер бойынша авторлық тапсырмалар жинағын әзірлеу;
- дидактикалық материалдар қорының электронды банкіні қалыптастыру;
- цифрлық платформалармен сабақ өткізу әдістемесін жүйелеу;
- тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сабақтар мен тәжірибелік семинарлар өткізу.

Сөз соңында баяндамашы әріптестерін әдістемелік жұмысты жүйелі жүргізуге, тек сабақ әзірлемесімен шектелмей, жаңашыл әрі сапалы әдістемелік өнімдермен бөлісуге, өз тәжірибесін кәсіби деңгейде ұсынуға шақырды.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Д.Балабекова сөз алды. Ол өз сөзінде 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарының негізгі бағыттары мен оны жетілдіру жолдарына тоқталды.

Бүгінгі таңда білім беру үдерісінің сапасын арттыру, оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту және заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану – әдістемелік жұмыстың басты міндеті болып табылады. Осыған орай колледждің әдістемелік қызметі оқу жылы басында нақты жоспарланып, оқу үдерісінің талаптарына сай жүйеленді.

Аталған оқу жылында әдістемелік жұмыс жоспары мынадай басым бағыттарды қамтыды:

- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер өткізу;
- жас мамандармен жұмысты жандандыру, «Жас педагог мектебінің» жұмысын белсендіру;
- пәндік бірлестік комиссиялар арқылы тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру;
- цифрлық технологиялар мен білім беру платформаларын қолдану дағдыларын жетілдіру;
- ашық сабақтар, шеберлік сағаттары мен авторлық әдістемелік өнімдер әзірлеуге қолдау көрсету.

Сонымен қатар, әдістемелік жұмыс барысында оқытушылар тарапынан ашық сабақ әзірлемелері мен әдістемелік нұсқаулықтар дайындалып, әдістемелік қорға ұсынылды. Бұл материалдарда оқыту мазмұнын меңгертудің тиімді жолдары, практикалық

тапсырмаларды ұйымдастыру тәсілдері, белсенді оқыту әдістері және сараланған жұмыстар үлгілері көрініс тапты. Бұдан бөлек, бірқатар оқытушылар авторлық тапсырмалар, цифрлық дидактикалық материалдар мен презентациялық өнімдер әзірледі. Бұл материалдар жас мамандар үшін тәжірибе көзіне айналып, колледждің ортақ әдістемелік қорын байытуға үлес қосты. Әдістемелік құжаттар электронды форматта (Word, PDF, PPT) рәсімделіп, бірізділікпен тапсыру жолға қойылды. Әдістемелік кабинет тарапынан құжаттарды жүйелеу, тақырыптық жіктеу және электронды архив жасау жұмыстары жүргізілді. Жас мамандармен жүргізілген жұмыстар да жүйеленіп, тәлімгерлік арқылы кәсіби қолдау көрсету жолға қойылды. Оларға арналған практикалық семинарлар, тренингтер және бақылау сабақтары ұйымдастырылып, кәсіби бейімделуіне жағдай жасалды. Цифрлық бағыттағы жұмыс та назардан тыс қалған жоқ. Оқытушылар Google Workspace, Padlet, Wordwall, Kahoot платформаларын сабақ үдерісінде қолдану арқылы оқу мотивациясын арттыруда оң нәтижелер көрсетті. Жалпы алғанда, 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс білім беру жүйесіндегі заманауи талаптарға сай жүргізіліп, педагогтердің кәсіби дамуына нақты ықпал етті деп өз сөзін қорытындылады.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді:

1. Колледждің әдістемелік тақырып және жалпы білім сапасы бойынша жұмыстарының нәтижесі өз жалғасын тапсын;
2. Педагогтар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуының нәтижесі бойынша жұмыстар жүргізілсін;
3. Дидактикалық материалдардың қорын байыту және тиімді қолдану жұмыстары өз жалғасын тапсын
4. Әдістемелік кабинетке тапсырылатын әдістемелік құжаттардың әзірлемесі, электронды нұсқасы туралы жұмыстар өз жалғасын тапсын
5. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс жоспарын жетілдіру жұмыстары өз жалғасын тапсын

Әдістемелік кеңестің төрағасы:



М.Арынбаев

Әдістемелік кеңестің хатшысы:



Л.Маймакова